Бекітемін:
Маңғыстау облысының білім басқармасының
Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің
«Бейнеу» санаториялық бөбекжайы» КММ
директоры__________К.Б.Таджибаева
«31» «05» 2023 жыл

***Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған дефектолог маманының перспективалық жоспары***

**Дефектолог**:Бекболова Мейіргуль

**Мақсаты:**

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға диагнозы бойынша топқа бөлу және түзете-дамыту сабақтарын тиімді әдіс-тәсілдермен ұйымдастыру, дефектологиялық көмек көрсету, әлеуметтік бейімдеу.

**Міндеттері:**

1. Көру қабілеті бұзылған, есту қабілеті бұзылған, сөйлеу тілінің бұзылыстары бар, сөйлеу тілінің дамуы тежелген, тірек-қимыл аппараты қызметінің бұзылысы бар, зерде бұзылыстары бар, психикалық дамуы тежелген, эмоциялық-ерік әрекетінде және мінез-құлқында бұзылыстары бар балаларға, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында түзету-педагогикалық көмек болмаған жағдайда, Түзеу және инклюзивті білім беру кабинетіне білім алушыларға психологиялық-педагогикалық түзету көмегін көрсету.
2. Баланың мәселелерін мамандардың пәнаралық командасының кешенді түрде зерттеуі, сонымен қоса баланың психологиялық, түзете-педагогикалық және әлеуметтік көмекке деген мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін командалық бағалау арқылы анықтау;
3. Баланың дамуының әлеуметтік жағдайын ескере отырып, жеке дамыту бағдарламасын әзірлеу және құрастыру;
4. Жеке, шағын топ және топтық сабақтар түрінде түзете-дамыту сабақтарын жүргізу;
5. Отбасы жағдайында ерекше білім беруге қажеттіліктері бар және мүгедек балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарына кеңес беру және оқыту;
6. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау барысында мекемелердің педагогтеріне көмек көрсету;
7. Баланың жалпы және ұсақ моторикасын дамыту;
8. Өз білімдерін жетілдіру және өзара тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;
9. Республикалық, облыстық, қалалық және мекеме деңгейіндегі семинар, конференция, педагогикалық оқулар мен тамыз маслихаттарының секция жұмыстарына қатысу;

## І.Ұйымдастыру жұмыстары

| № | Жұмыстың мазмұны | Уақыты | Жұмыстың өткізілу мақсаты | Орындалу түрі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына консультациялық көмек көрсету және келісім шартқа отыру | Жыл ішінде | Ата-аналарға консультациялық көмек беру | Бұйрық, келісім-шарт |
| 2 | Қалалық психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық кеңес беру мекемесінің мамандарымен балаларды қайта тексеруден өткізуді ұйымдастыру | Жыл ішінде | Психологиялық-медициналықпедагогикалық комиссия кеңесінің отырыстарына қатысу, балалардың психофизикалық жағдайын нақтылау үшін қажет болған жағдайда дәрігерлер немесе ПДПК-нің мамандарынан кеңес алу | Мінездеме |
| 3 | Жылдық, күнтізбелік жоспарларын жасақтау | Қыркүйек | Жылдық жоспарды жасақтау | Жоспар |
| **ІІ.Түзеу-дамыту жұмыстары** | | | | |
| 1 | Баланың даму мүмкіндігі мен қажеттілігін ескере отырып жеке дамыту бағдарламасын жасақтау | Жыл ішінде | Балаларды толықтай зерттеу,әр баланың таным процестерінің ерекшеліктерін, бала дамуындағы кемшілікті ескеру | ЖДБ |
| 2 | Түзете-дамыту жұмыстарының мониторингін жүргізу | Жыл ішінде | Ерекше білімді қажет ететін балалардың дамуы үшін динамикалық бақылау жүргізу, түзету жұмыстарының бағыттарын әдіс-тәсілдерін анықтау, оқу барысында балаларды бақылау | Папка |
| 3 | Жұмыс кестесін жасау | Жыл бойы | Істелетін жұмыс кестесін жазу | Циклограмма |
| 4 | - сенсорлық және сенсомоторлық дамуын қалыптастыру;<br>- кеңістік-уақыт түсініктерін қалыптастыру;<br>- пішін мен көлем, түсті қабылдауын қалыптастыру;<br>-салыстыру, талдау, жинақтау, қорытындылау, жалпы ойлау операцияларын қалыптастыру; | Жыл ішінде | Балалардың тұжырымдамаларына қарай жұмыстану, мамандармен пікірлесу | Жеке және топтық сабақтарды аптасына 2-3 рет жүргізу |
| 5 | Балаларға түзете-дамыту сабақтар өткізу | Жыл ішінде | Балалардың сауаттылық дағдысын | Жас ерекшеліктері, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | арттыру, математикалық білімін,танымдық қабілетін анықтай отырып жұмыстану | қабылдау деңгейі ескеріліп, әр тақырыпқа тапсырмалар тізбегі даярланады. |
| **III. Әдістемелік жұмыстар** | | | | |
| **1** | Әдістемелік кеңесте оқылатын баяндамалар ***«Психикалық дамуы тежелудің түрлері»*** ***«Балалар мен жасөспірімдер арасында кездесетін астено-невротикалық синдромы ауруының пайда болуы»*** | Қаңтар Сәуір | Психикалық дамуы тежелеген аурудың пайда болу себептері мен түрлерімен және балалар арасында кездесетін астено-невротикалық синдромы ауыруы туралы таныстыру | Баяндама |
| **2** | Балалардың сабаққа қатысу туралы журнал толтыру | Күнделікті | Балалардың сабаққа қатысуын тексеру, қадағалау | Тексеру күнделігі |
| **3** | Сабақ жоспарын құру, бекіттіру | Жүйелі | Түзеу-дамыту жұмысының оқу қызметінің жоспарын жасақтау | Сабақ конспектісі |
| **4** | Өзара мамандардың сабақтарына қатысу | Ай сайын | Балалардың оқу әрекетін бақылау, маманмен тәжірибе алмасу | Қатынас дәптері |
| **5** | Республикалық, облыстық, қалалық көлеміндегі семинар, конференцияларға қатысу | Жыл ішінде | Өзара мамандармен тәжірибе алмасу, өз тәжірбиемен бөлісу | Баяндама, портфолио |
| **6** | Әдістемелік құралдарды дайындау және шығару | Үнемі | Түзету жұмыстарының тиімділігін арттыру | Папка |
| **7** | Сөйлеуді дамытуда ,көркем әдебиетте,математикада тіл байлығын дамытуға арналған көрнекі құралдар дайындау | Үнемі | Түзету жұмыстарының тиімділігін арттыру | Дидактикалық материалдар |
| **8** | Әдістемелік әдебеттерді және нормативтік іс-құжаттарды жинақтау | Үнемі | Дефектолог білімін жетілдіру, түзету жұмыстарының тиімділігін арттыру,жаңа заңдармен танысу | Папка |
| **IV. Балалармен тәрбие жұмыстары** | | | | |
| **1** | Балаларды балабақша көлеміндегі іс-шараларға қатыстыру | Жыл бойына | Қоршаған айнала адамдармен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. | Іс-шара конспектісі |

| V. Ата-аналармен жұмыс | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1** | Білім алуға ерекше қажеттілігі бар балалардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнату, түзеу-дамыту көмегін көрсету туралы шартқа отыру | Жыл ішінде | Ата-аналарға түзеу-дамыту көмегін көрсету | Бұйрық, шарт |
| **2** | Ата-аналарға, қамқоршыларға білім алуға ерекше қажеттілігі бар балаларды түзете-дамыта оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша жеке кеңес беру | Үнемі | Жеке кеңес беру | Кеңес |
| **3** | Ата – аналар жиналысына қатысу | Қазан, сәуір | Ата-аналарды баланың даму динамикасымен, диагностика қортындыларымен таныстыру, туындаған мәселелер бойынша ата-аналарға кеңес беріп отыру | Хаттама, баяндама |
| **4** | Ата-аналарға арналған бұрыш жасақтау, уақытылы жаңартып отыру | Жыл ішінде | Ата-анаға бала тәрбиесі туралы мәселелерді хабардар ету | Ақпарат |